

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
04.03.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 04.03.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Бұл мәселе бойынша да баяндама жасау үшін сөз Денсаулық сақтау министрі Елжан Амантайұлы Біртанов мырзаға беріледі.

БІРТАНОВ Е.А. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Кодексіні қабылдау денсаулық сақтау саласындағы қоғамдық қатынастарды реформалау мен жетілдіруге кешенді тәсіл мақсатында Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет болып отыр.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің жаңа редакциясына сәйкестікке келтіру мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы әзірленді.

Заң жобасындағы ұсынылып отырған түзетулер денсаулық сақтау саласындағы қатынастарды тиімді реттеуді орнатуға және заңнамалық қайшылықтарды жоюға бағытталған. Сондай-ақ заң жобасын қабылдау нормаларды халықаралық міндеттемелерімен үйлестіруге мүмкіндік береді.

Заң жобасымен 21 заң актісіне, оның ішінде 8 кодекске түзетулер енгізіледі.

Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің мәртебесін реттеу үшін олардың құқықтары мен мүдделерін заңнамалық тұрғыдан қорғау қажет екенін атап өткен жөн.

Осылайша, кодекс жобасының нормаларын іске асыру мақсатында заң жобасында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіби қызметті жүзеге асыруына кедергі келтіргені үшін әкімшілік жауапкершілік көздейтін түзету ұсынылады.

Сонымен қатар созылмалы ауруларды ерте диагностикалау және алдын алу, сондай-ақ мемлекеттің, жұмыс берушінің және қызметкердің денсаулығы үшін бірлескен жауапкершілігін қалыптастыру мақсатында Еңбек кодексіне жұмыс берушілердің жұмыс орнын және орташа жалақысын сақтай отырып скринингтік зерттеулерден өтуі үшін демалыс беру міндеттемесін көздейтін түзету ұсынылады.

Соңғы он жылда республикада ана мен бала өлімінің төмендеуіне қарамастан, бұл мәселе әлі де өзекті болып отыр. Ана мен бала өлімінің жетекші себептері – бала туу жасындағы әйелдер денсаулығының төмен индексі және жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің жүкті әйелдердің денсаулығы үшін жауапкершіліктерінің төмендігі, 12 аптаға дейінгі жүкті әйелдерді уақтылы есепке алмау, оның ішінде жүкті әйелдің жұмыс уақыты кезінде әйелдер консультациясына бара алмауына байланысты.

Осыған орай заң жобасы Еңбек кодексінде жүкті әйелдердің жұмыс орнын сақтап қалуға құқығын бекітуді және кемінде үш жұмыс күні мөлшерінде он екі аптаға дейін жүктілік бойынша есепке тұруға әлеуметтік демалыс беруді көздейді.

Сонымен қатар Қазақстанда темекі шегудің таралуы әлемдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі, ол – 22,4 пайыз. Осыған байланысты темекі өнімдерін тұтынуды төмендету мақсатында заң жобасында «Жарнама туралы» Заңда теле- және бейнефильмдерді қоса алғанда, жаңадан жасалған аудиовизуалды туындыларда, радио-, теле- бейне- және кинохроникалық бағдарламаларда темекі өнімдерін және темекіні тұтынуды демонстрациялау түрінде жарнамаға тыйым салуды ұсынады.

Заң жобасында көзделген негізгі түзетулер жаңа редакциядағы кодекстің нормаларымен үйлестіруге бағытталған.

Заң жобасын қабылдау нәтижесінде:

денсаулық сақтау қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеу, оның алдын алу және болдырмау мүмкіндігі пайда болады;

медицина және фармацевтика қызметкерлерінің мәртебесі артады; азаматтардың өз денсаулығы үшін бірлескен жауапкершілігі күшейеді; темекі өнімдері мен алкоголь ішімдіктерін тұтынудың төмендейді; қоғамдық денсаулық сақтау күшейтіледі;

қоршаған ортаның халықтың денсаулығына теріс әсерін тежеу қамтамасыз етіледі;

қызметкердің ауруларды ерте сатыда диагностикалауы қамтамасыз етіледі.

Баяндама аяқталды. Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Хитуов Тарас Киікбайұлы беріледі.

ХИТУОВ Т.К. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Елжан Амантайұлы! Заң жобасына Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексті жаңа 80-1-баппен толықтыру ұсынылып отыр. Бұл медицина және фармацевтік қызметкерлерінің кәсіптік қызметін жүзеге асыруға кедергі келтіргені үшін және олардың кәсіптік қызметіне заңсыз араласқаны үшін жауапкершілік көздейді.

Сонымен қатар тиісті құқық бұзушылықтар туралы әкімшілік хаттаманы жасайтын лауазымды адам заң жобасында айқындалмаған.

Айтыңызшы, бұл функция кімге жүктеледі? Және кәсіптік қызметке заңсыз араласу нені білдіреді?

Сондай-ақ заң жобасында дәрігерлердің ар-намысы мен қадір-қасиетін бұзғаны үшін адамдардың жауапкершілігі жөнінде нормалар жоқ. Біздің пікірімізше, бұл процесті де реттеу қажет. Осы мәселе бойынша Сіздің пікіріңіз қандай?

БІРТАНОВ Е.А. Сұрағыңызға рақмет.

Қазіргі күні бұл мәселе өте күрделі деп айтуға болады. Мысалы, қолданыстағы кодексте әр медициналық маманның міндеттері реттелген, олар – біліктілігіне, кәсібилігіне байланысты науқас адамға түрлі медициналық көмек беру, сонымен қатар науқастың персоналдық ақпаратын құпия сақтау, науқастарға рецепт беру және түрлі басқа да медициналық көмек көрсету. Өкінішке орай, соңғы жылдарда медициналық міндеттерді көрсету кезінде, мысалы, диагностика өткізіп жатқан кезде немесе медициналық көмек беріп жатқан кезде басқа адамның қарсылық көрсетуі, заңсыз араласу жағдайы кездесіп жүр. Көп жағдайда, мысалы, дәрігерден пациент туралы ақпаратты талап етеді. Оны да заңсыз араласу деп санаймыз. Сондықтан қазіргі күнде бұл мәселе күрделі болып отыр.

Тек заңсыз араласу ғана емес, сонымен қатар құрмет білдіру деген мәселе де қаралып отыр. Соңғы кездері әлеуметтік желілерден көріп отырмыз, дәрігерлерді, мейірбикелерді жұмыс жасап жатқан кезінде смартфонға түсіріп, оны әлеуметтік желілерден көрсетіп жатады. Әрине, бұл адамның эмоциясына тікелей әсер етеді. Бұның науқас адамды қарап отырған медицина қызметкерінің жеке басына ғана емес, науқас адамның қауіпсіздігіне де әсері бар деп санаймыз.

Бұл мәселені шешу үшін, біздің ойымызша, Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне сәйкес құқық қорғау органдарымен байланыстыру қажет. Ол заң түрінде бекітілген деп санаймыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Теміржанов Мұрат Баритұлына беріледі.

ТЕМІРЖАНОВ М.Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мой вопрос адресован докладчику и представителю Генеральной прокуратуры.

При рассмотрении проекта кодекса обсуждались вопросы вакцинации и необходимости усиления ответственности лиц за нарушение правил ввоза, закупки, транспортировки, хранения и реализации иммунобиологических

лекарственных препаратов. Сегодня данный вопрос непосредственно сам Нурлан Зайруллаевич затрагивал.

Уважаемый Елжан Амантаевич, как Вы знаете, у нас 65 процентов людей отказываются от вакцинации именно по причине того, что данные вакцины были некачественными или на каком-то из этих этапов они пришли в негодность.

В данном законопроекте такие нормы не предусмотрены. В этой связи в целях обеспечения защиты населения от ввоза в страну и применения некачественных вакцин депутатами предлагается дополнить статью 426 Кодекса об административных правонарушениях нормами, устанавливающими ответственность должностных лиц, физических лиц и субъектов предпринимательства в виде штрафа от 100 до 1000 месячных расчетных показателей.

Елжан Амантаевич, хотелось бы узнать Вашу позицию по данному предложению депутатов.

Второй вопрос адресован представителю Генеральной прокуратуры.

Скажите, пожалуйста, не считаете ли Вы необходимым введение вообще уголовной ответственности? Рақмет.

БИРТАНОВ Е.А. Спасибо за вопрос.

Хочу сказать, что на сегодняшний день мы не регистрируем каких-то осложнений, связанных с вакцинацией. Но, понимая, что данный вопрос вызвал очень бурное обсуждение, и у населения нет такого доверия к качеству вакцинации, я хотел бы выразить благодарность, Нурлан Зайруллаевич, что мы на заседании фракции этот вопрос тщательно обсудили. И с учетом того, как Вы сказали, что это известный факт, что большая часть отказов связана с сомнениями в качестве и достаточной ответственности, мы считаем, что это сегодня обоснованная норма в части усиления ответственности всех лиц (физических, юридических и должностных лиц), которые вовлечены в оборот вакцин и препаратов. Поэтому мы в этой части поддерживаем.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Марат Муратович, пожалуйста. Есть что добавить?

АХМЕТЖАНОВ М.М. Спасибо за вопрос.

Эти вопросы проработаны. Действительно, раз мы обязываем, то должны и давать гарантию. Нурлан Зайруллаевич, Вы правильно отметили, что у нас достаточно норм по привлечению к ответственности тех лиц, которые держат шприц, медицинских работников, поэтому сегодня вопрос стоит о качестве ввозимой продукции. Поэтому на сегодня у нас есть, и мы предлагаем ввести уголовную ответственность за применение фальсифицированных лекарств, не соответствующих требованиям. Кроме того, Вы знаете, что это зависит от умысла, мотивированности и последствий (по Теории права), поэтому здесь будет градация. А если умысел доказан, тогда это уже особо тяжкие преступления. Еще зависит от последствий. Если причинили тяжкий вред здоровью, начиная от легкого вреда, среднего,

тяжкого, то предусматривается перевод в разряд тяжких преступлений, до 10 лет лишения свободы.

ТӨРАҒА. Вот ответ на Ваш вопрос.

Сөз депутат Қаныбеков Сәкен Әсембекұлына беріледі.

ҚАНЫБЕКОВ С.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағы Денсаулық сақтау министріне арналады.

Жалпы, бүгін қаралып отырған заң жобасында жергілікті өкілді органдарға денсаулық сақтау саласындағы мамандарға үй салуға, үй сатып алуға жеңілдетілген кепілдіктер беру бойынша мүмкіндіктер беріліп жатыр. Осы мәселе бойынша менің сұрағым бар.

Ұсынылып отырған ең төменгі кепілдік пакетке қандай жеңілдіктер түрі кіреді, ол қандай көлемде айқындалады? Өзіңіз білесіз, әр өңірде жағдай әртүрлі, соған байланысты ол мәселе қалай болады? Рақмет.

БІРТАНОВ Е.А. Сұрағыңызға рақмет.

Бұл өте күрделі мәселе. Қаралып отырған мәселе кадр тапшылығын шешуді көздеп отыр, сондықтан заң жобасында оны реттеу қажет. «Дипломмен – ауылға» деген бағдарламада ондай міндет жоқ. Ең төменгі әлеуметтік пакетте, біріншіден, тұрғын үймен қамтамасыз ету, оның түрлі жолдары бар, мысалы, несие беру немесе қызметтік пәтер беру, екіншіден, қаржыландыру, яғни жас маманға ең төменгі мөлшерін заңмен бекітіп, содан төмен бермеу. Әрине, әр өңір өзінің мүмкіндігіне қарай одан қосымша берулеріне болады. Және күнделікті әлеуметтік шығыстарына көмек беру деген ұсыныстар да бар. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Смағұл Бахытбек Смағұлұлына беріледі.

СМАҒҰЛ Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің Ішкі істер министрлігінің өкіліне сұрағым бар.

Заң жобасының 1-бабының 19-тармағымен «Жол жүрісі туралы» Заңға өзгерістер енгізіледі. Онда адамдарды алғашқы көмек көрсету бойынша оқыту жол жүрісі қауіпсіздігінің негізгі қағидаларын оқытудың оқу бағдарламалары мен көлік құралдары жүргізушілерін даярлау шеңберінде жүргізіледі деп көзделген.

Көпшілікке мәлім, бүгінгі таңда жүргізуші құқығына арналған курстарды түрлі ұйымдар өткізеді. Бұл ретте олардың алғашқы көмек көрсетуі бойынша практикалық сабақтар өткізу мүмкіндігі бола бермейді. Осыған байланысты сұрақ туындап отыр.

Жүргізуші құқығына арналған курстар аясында алғашқы көмек дағдыларына кім үйретеді? Және оқытудың бүкіл процесін қалай және кім бағалайды? Рақмет.

ТӨРАҒА. Заместитель Министра внутренних дел Алексей Дмитриевич Калайчиди.

КАЛАЙЧИДИ А.Д. Спасибо за вопрос.

Сегодня это рыночная сфера – подготовка водителей, поэтому здесь можно решить вопрос просто установлением квалификационных требований

для таких организаций. Если закон предусматривает, чтобы кандидат на место водителя имел такие навыки, то он, наряду с Правилами дорожного движения и другими знаниями по части автомобиля, обладал навыками оказания необходимой помощи.

Кроме того, это могут быть дополнительные организации образования, которые будут выдавать соответствующий сертификат.

Теперь, каким образом будет выдаваться и учитываться водительское удостоверение? Вы знаете, что со второй половины прошлого года мы ушли из спецЦОНов, отдали эти функции по выдаче водительских удостоверений «Правительству для граждан», но обеспечиваем удаленный контроль для чего? Для того, чтобы обеспечить полное предоставление документов, необходимых для получения водительских прав, и предупредить получение прав теми лицами, которые лишены. У нас будет возможность заблокировать получение водительских прав теми лицами, которые не получили соответствующий сертификат либо свидетельство о прохождении таких курсов.

ТӨРАҒА. Алексей Дмитриевич, я так понимаю из вопроса, что в Правилах дорожного движения уже прописано обучение по оказанию первой медицинской помощи тех, кто садится за руль. Вы сейчас говорите, что у этих учебных центров этого нет, и если нужно, то введется это как квалификационное требование.

КЛАЙЧИДИ А.Д. Да, чтобы организация, которая будет сегодня обучать, чтобы она имела (как сегодня вопрос задали) необходимую базу и состав обучающихся для того, чтобы давать такие знания.

ТӨРАҒА. Понятно. Кто должен ввести эти квалификационные требования? Каким нормативным актом? Какой госорган?

КЛАЙЧИДИ А.Д. Эти требования будет только уполномоченный орган в сфере здравоохранения, потому что только они могут сказать, чем должен обладать этот уполномоченный субъект.

ТӨРАҒА. Елжан Амантаевич, надо вводить тогда.

БИРТАНОВ Е.А. Да, уважаемый Нурлан Зайруллаевич, у нас на данный момент такой нормативный акт есть в отношении медицинских работников (так называемых парамедиков, которые на скорой работают), где четко отрегулированы требования к курсам и сертификации тех, кто преподает эти курсы.

ТӨРАҒА. Минутку. Речи о тех, кто работает на скорой помощи как раз нет. Граждане, которые получают права (мы с вами знаем международную практику), в любом другом государстве, где есть водительские права, они нафаршированы очень многими разрешительными вещами, и тот, кто их имеет, обучен оказывать первую медицинскую помощь, первую помощь при чрезвычайных ситуациях. Вот о чем речь идет.

Какой госорган должен разработать эти квалификационные требования, что тот, кто получает водительское удостоверение минимум может оказать первую медицинскую помощь при травме, первую медицинскую помощь при сердечно-сосудистых. Я не знаю, какие болезни, это вы должны определить.

БИРТАНОВ Е.А. Нурлан Зайруллаевич, я это и хотел сказать, что эти же требования, мы полагаем, будем применять в отношении водительских прав водителей.

ТӨРАҒА. Каким образом?

БИРТАНОВ Е.А. Тем, что у нас уже есть требования к этим курсам. Соответственно, когда закон будет принят, у нас уже будет возможность, право применять к этим курсам для водителей.

ТӨРАҒА. Минутку. Тогда по-другому вопрос. Кто дает разрешение работать этим курсам?

БИРТАНОВ Е.А. Министерство здравоохранения.

ТӨРАҒА. Вы этим, кто выдает права, что ли?

БИРТАНОВ Е.А. Нет, те учебные центры, которые проводят курсы первой помощи.

ТӨРАҒА. Нет, Вы не поняли. Вы не поняли, о чем идет речь. Еще раз говорю, центры или компании... Сейчас заместитель Министра внутренних дел сказал: это не наше, это вы отдали в рынок. Правильно сделали. Получается, вы в пункте 19 статьи 1 Закона «О дорожном движении» прописали, что для тех, кто выдает права «предусматривается обучение лиц по оказанию первой медицинской помощи». Теперь в рынок отдали, их расплодили, и возникает вопрос. Он пришел. Навыкам вождения его научили, на картинках показали, что значит руль, что такое педали, права дали и отправили. Он выехал на скоростные автобаны наши, летает, не дай Бог какая-то авария, он выйдет, он же вообще понятия не имеет, как оказать медицинскую помощь. Повторяю, в пункте 19 статьи 1 Закона «О дорожном движении» прописано, что эти центры, которые выдают, предусматривают обучение всех лиц, кто проходит это обучение по оказанию первой медицинской помощи. Так кто их обяжет?

Когда мы скажем «их обязываем», возникнет вопрос, они же должны специалистов таких иметь. Должны иметь? Либо ваших приглашать.

БИРТАНОВ Е.А. Да.

ТӨРАҒА. Кто их обяжет? Вы? Вы на них имеете инструментарий влияния?

БИРТАНОВ Е.А. Поскольку это регламентируется Правилами оказания первой помощи, соответственно, этот порядок регламентируется уже Министерством здравоохранения, как и другие виды медицинской помощи. И тем, кто проводит обучение первой помощи, у нас тоже есть требования.

ТӨРАҒА. Вы опять не в ту сторону. Я еще раз спрашиваю, какое сейчас количество таких компаний на рынке по стране? Алексей Дмитриевич, можете сказать? Плюс-минус. Сто, тысячи?

КАЛАЙЧИДИ А.Д. Несколько сотен.

ТӨРАҒА. Эти несколько сотен работают. Лицензию или что получают?

КАЛАЙЧИДИ А.Д. Да, у них есть лицензия на право...

ТӨРАҒА. Кто выдает лицензию?

КАЛАЙЧИДИ А.Д. Раньше мы выдавали, сейчас отдали, у нас нет этого.

ТӨРАҒА. Кто выдает? Минуту. Это участники дорожного движения. Автомобиль – важнейший элемент на дороге, им управляет человек, которого обучают в этих центрах. Кто этим центрам выдает лицензию на работу, чтобы давать объявление, приглашать людей и обучать? Пожалуйста, Министерство внутренних дел.

КАЛАЙЧИДИ А.Д. Нурлан Зайруллаевич, сейчас не хочу вводить в заблуждение, какой орган выдает...

ТӨРАҒА. Разберитесь. Может быть, Министерство национальной экономики подскажет?

ШАЙЫМОВА А.А. Данный вид деятельности не лицензируется. Речь идет о выдаче разрешения на обучение и переподготовку.

ТӨРАҒА. Ладно. Назовем не лицензией, а разрешением. Кто выдает это разрешение?

ШАЙЫМОВА А.А. Нурлан Зайруллаевич, они регистрируются в установленном порядке и в уставной деятельности прописывают, что занимаются обучением и переподготовкой.

ТӨРАҒА. Вы сейчас сказали, что им дается разрешение. Кто дает разрешение?

ШАЙЫМОВА А.А. Получается, этот вид деятельности не подпадает под разрешительный вид деятельности. Носит уведомительный характер.

ТӨРАҒА. Посмотрите. Важнейшая составляющая, а три госоргана в трех соснах заблудились. Разберитесь до второго чтения.

Если вы прописали, а Министерство внутренних дел, Алексей Дмитриевич, все равно имеет отношение к Закону «О дорожном движении», то вы же должны тогда пункт 19 статьи 1 довести до практической реализации. Солай емес пе, Алексей Дмитриевич?

КАЛАЙЧИДИ А.Д. Нурлан Зайруллаевич, Вы абсолютно правильно говорите. Поскольку мы сами являемся разработчиками Правил дорожного движения, утверждаемых постановлением Правительства, поэтому это наша задача – прописать требования для организаций, которые претендуют на право обучения водителей.

ТӨРАҒА. Вы заинтересованы вместе с Министерством здравоохранения, как и все наше общество в том, чтобы человек, который берет на себя ответственность, садится за руль, в соответствии с действующим уже Законом «О дорожном движении» должен иметь навыки оказания первой медицинской помощи. Прописать прописали, а организовать – забыли. До второго чтения разберитесь. Елжан Амантаевич, Вы тоже должны быть в этом заинтересованы.

БИРТАНОВ Е.А. Нурлан Зайруллаевич, у нас есть сертифицированные инструкторы по обучению первой помощи.

ТӨРАҒА. Нет вопросов. Я еще раз говорю, нужно вменить в обязанность компании, которая обучает. Каждому, кто переступил порог этой компании (как Вы говорите, на рынке, частная, любая форма), говорят: да, мы Вас обучим не только отличать руль от педали, еще должны обучить в

соответствии с пунктом 19 статьи 1 Закона «О дорожном движении» медицинским навыкам. А как они это будут делать – ваших специалистов обучать, сами обучать будут – уже второй вопрос. Но вы эту норму, пожалуйста, в практическую плоскость переведите. До второго чтения разберитесь, пожалуйста.

БИРТАНОВ Е.А. Хорошо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Суслов Александр Васильевичке беріледі.

СУСЛОВ А.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Елжан Амантаевич! Законопроектом предусмотрено внесение изменений в статью 437 Кодекса об административных правонарушениях, которыми увеличиваются временное ограничение тишины, а именно – если действующее законодательство предусматривает соблюдение тишины с 23.00 часов до 06.00 часов, то законопроектом предлагается увеличить этот период и определить его с 20.00 часов до 09.00 часов, а также обязать развлекательные заведения, расположенные в жилых домах, соблюдать тишину с 22.00 часов до 06.00 утра в будние дни и с 23.00 часов до 10.00 часов в выходные и праздничные дни.

На наш взгляд, такое различие нелогично. Получается, что человек не может в собственной квартире шуметь с 20.00 часов, хотя человек, который пришел в развлекательное заведение, может шуметь до 23.00 часов.

Скажите, пожалуйста, с чем связан разный подход для определения периода соблюдения тишины? На наш взгляд, право у жильцов дома и посетителей развлекательных заведений в этом доме должны быть одинаковыми.

Кроме того, надо иметь в виду, что после выходных наступают будни и человеку необходимо подготовиться, отдохнуть. Ответьте, пожалуйста.

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

БИРТАНОВ Е.А. Спасибо за вопрос.

Цель данной поправки в том, чтобы установить временные рамки для ограничения шума в жилых домах с 20.00 часов до 09.00 часов. Для бизнес-объектов этот срок гораздо короче – с 23.00 часов до 06.00 часов. Вместе с тем предполагается, что и в другие часы, когда развлекательное заведение не работает, необходимо соблюдать режим тишины. Собственно, это предполагалось.

ТӨРАҒА. У Александра Васильевича суть вопроса в другом. Он спрашивает: почему в развлекательном заведении можно до 23.00 часов, а в своей квартире только до 20.00 часов? Я не знаю, до второго чтения разберитесь. Мне кажется, если человек хочет шоу, зачем ему дома это делать, пусть идет в развлекательное учреждение. Есть что добавить?

БИРТАНОВ Е.А. Доработаем.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, до второго чтения, может быть, поспрашивать нужно будет.

Сөз депутат Әшімбетов Нұржан Кемерұлына беріледі

ӘШІМБЕТОВ Н.К. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Уважаемый Елжан Амантаевич! Как уже было сказано, в ходе обсуждения кодекса в законопроекте предусмотрен ряд поправок в Трудовой кодекс. Он обязывает работодателей предоставить отпуск работнику для прохождения необходимых профессиональных осмотров, медицинских исследований с сохранением заработной платы.

В то же время нередко случаются случаи, когда организации и предприятия выявляют факты приобретения или покупки таких справок о временной нетрудоспособности. При этом медицинский работник, нарушивший правила выдачи больничных листов, штрафуется от 5 до 10 МРП, а в случае повторных деяний – от 10 до 20 МРП.

К сожалению, эти случаи продолжают иметь место. Например, для получения социальных выплат по беременности и родам. Депутатами предложена поправка по увеличению размеров штрафов за подобное деяние в два раза. Скажите, пожалуйста, как Вы относитесь к такому предложению?

БИРТАНОВ Е.А. В целом поддерживаем предложение по ужесточению ответственности за подделку документов строгой отчетности, в число которых относятся и больничные листы. Вместе с тем хочу сказать, что далеко не всегда в этом задействованы только лишь медицинские работники, поскольку существуют факты просто подделки документов немедицинскими работниками.

Для того чтобы более системно этот вопрос решить, сейчас мы переходим на электронные больничные листы, когда нет необходимости их выписывать, они идут в электронном виде с QR-кодом. Человеку и работодателю можно отправить по электронной почте. Работодатель может проверить подлинность больничного листа по QR-коду. Собственно, нет необходимости распечатывать и выдавать на руки этот больничный лист.

ТӨРАҒА. Ясно.

Сөз депутат Косарев Владислав Борисовичке беріледі.

КОСАРЕВ В.Б. Спасибо, Нурлан Зайруллаевич.

У меня вопрос к Елжану Амантаевичу.

Нурлан Зайруллаевич только что выпукло показал, как государственные органы неумело переводят систему подготовки водителей в саморегулируемую среду. Здесь нет никакого ответственного лица или органа. Я считаю, что если вы хотите, чтобы первичную медицинскую помощь оказывал кто-то квалифицированно, кроме медиков, вы должны эту систему создавать. А у нас на сегодня...

Нурлан Зайруллаевич, спасибо, что Вы показали. Этот говорит: не знаю, этот – не мои обязанности, третий – мы это еще не проходили. Получается, как в цыганском таборе – никто ни за что не отвечает.

Вопрос: будет ли Министерство здравоохранения отвечать за подготовку водителей?

БИРТАНОВ Е.А. Действительно, у нас есть определенная недоработка. Мы обязательно доработаем, но в данный момент Министерство здравоохранения уже проводит обучение по сертифицированным курсам, как

я уже сказал, для работников скорой помощи, работников авиакомпаний (стюардесс и стюардов). Дальше мы будем эту работу расширять согласованно с другими госорганами. Учтем замечания. Спасибо.

ТӨРАҒА. Слова просит депутат Косарев.

КОСАРЕВ В.Б. Деятели массовых профессий.

ТӨРАҒА. Хорошо, Владислав Борисович. Коллеги, просьба, если вопрос – вопрос, если выступление – записывайтесь на выступление.

Мы договорились, что по этому вопросу дадим коллегам из Правительства до второго чтения разобраться и внести. Пожалуйста, заместитель Генерального Прокурора Марат Муратович просит слова.

АХМЕТЖАНОВ М.М. Здесь вопрос стоит о праве управления автотранспортом. Все, что мы ограничиваем, мы только в рамках и пределах закона можем ограничить, то есть это уже дополнительные квалификационные требования оказания первой медицинской помощи. Поэтому если мы будем вводить дополнительные критерии плюс к тому, что кроме навыков вождения и знания Правил дорожного движения должен обладать навыками оказания первой медицинской помощи, то это только на законодательном уровне, потому что это уже ущемляет их права на право управления. Поэтому здесь мы должны только законодательно функции. Это уже вторично – Министерство здравоохранения будет давать или другой. То есть факультативно они могут эту справку получить в другой, но необходимо отметить, что здесь имеется коррупционная составляющая.

Сегодня у нас практически все взрослое население имеет правила автотранспорта. Это будет предполагать, что они должны дополнительно сдавать, приносить справку и переполучать эти права. Это во-первых.

Во-вторых, если мы введем как обязательную соответствующую лицензию или документ для получения права, еще сдачу экзаменов по оказанию первой медицинской подготовки, то должны там проходить сдачу, и завтра это приведет к тому, что будут получать общее право на вождение. То есть здесь очень большой проблемной вопрос.

ТӨРАҒА. Марат Муратович, я с Вами согласен. Статья 28 Закона «О дорожном движении» опять-таки очень четко прописывает: требования к юридическим лицам и индивидуальным предпринимателям, которые обеспечивают безопасность дорожного движения, связанное с обучением, эксплуатацией транспортного средства, подпункт 7 говорит, что они должны организовывать мероприятия по совершенствованию водителями навыков оказания доврачебной медицинской помощи, то бишь первой медицинской помощи. Это уже заложено. Теперь надо разобраться просто, кто эти квалификационные требования разработает, какого уровня должна оказываться медицинская помощь, внести и обязать эти компании, если это прописано в законе, то они должны их выполнять.

Просто вопрос возник из чего? Министр здравоохранения подчеркивает, что это нужно. Так? Министерство внутренних дел считает тоже нужно, потому что столько ДТП и первая медицинская помощь не оказывается,

столько людей теряем. Теперь надо выяснить, почему не оказывают первую медицинскую помощь.

Вы очень хорошо помните, в Советском Союзе (это была тема многих анекдотов), когда останавливался автомобиль, первое спрашивали после водительского удостоверения что? Аптечку. Вплоть до того, есть ли жгут, умеет ли жгутом пользоваться, но этому обучали, когда получали права. Мы все это хорошо помним, обучали.

Теперь надо понять...

ОРНЫНАН. Со школы надо.

ТӨРАҒА. Правильно, начиная со школы, там были учебно-производственные курсы, где готовили водителей, там обучали.

То есть надо понять, если эта норма прописана в пункте 19 статьи 1, в статье 28 Закона «О дорожном движении», тогда это нужно в практическую плоскость повернуть, вот о чем вопрос, Марат Муратович.

Какой госорган, честно говоря, бәрібір. Разберитесь между собой, какой госорган. Все заинтересованы в этом, но никто до сих пор после принятия этого закона не реализовал, вот в чем вопрос.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Елжан Амантайұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз депутат Аманжолова Зәуреш Жұманәліқызына беріледі.

АМАНЖОЛОВА З.Ж. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының тұсаукесері 2019 жылдың 17 қазанында өтті. Бұл жоба Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің жаңа редакциясына сәйкес келтіруге және халықтың медициналық көмекке қолжетімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған. Оның ішінде профилактикалық шараларды жақсарту жолдары, медицина және фармацевтика саласындағы кадр тапшылығын ескере отырып, мамандардың өзекті әлеуметтік және кәсіби мәселелерін жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, әсіресе ауылды жерлерде олардың тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін басым тәртіппен беру кепілдігі қарастырылды.

Жұмыс істейтін азаматтарды жалақысын сақтай отырып, скринингтік зерттеуден өтуге байланысты жұмыстан уақытша босату қарастырылған.

Депутаттық корпус тарапынан заң жобасына енгізілген негізгі нормаларға тоқталғым келеді:

уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парақты немесе анықтаманы беру ережесін бұзғаны үшін медицина қызметкерінің әкімшілік жауапкершілігі күшейтілді;

медицина қызметкерінің кәсіптік қызметіне кедергі келтіргені үшін, қызметіне тән емес жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жүктегені үшін әкімшілік жауаптылық та күшейтілді;

қоғамда қазіргі кезде орын алып отырған пациенттер және олардың туыстары тарапынан медицина қызметкерлеріне дәрекілік көрсету, арнамысына тиетін сөздер айтып, тіптен күш көрсету жағдайларының жиілеп кетуіне байланысты медицина қызметкерінің мәртебесін көтеру мақсатында Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне өзгерістер енгізіліп, құқық бұзушыларға әкімшілік айыппұл төлеу көлемі ұлғайтылды.

Заң жобасының жекелеген нормаларын нақтылауға және мазмұнын жақсартуға бағытталған 100-ге жуық түзету келіп түсті, олар жұмыс тобында қарастырылып, тиісті шешімдер қабылданды. Заң жобасы бойынша жұмыс жалғасуда.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасына өз қорытындыларын берді.

Жұмыс тобының жиырма сегіз отырысы, дөңгелек үстел, конференция, бірқатар сараптамалық кеңестер, кездесулер және комитеттің екі кеңейтілген отырысы өткізілді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Зәуреш Жұманәліқызы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Мамраев Бейбіт Баймағамбетұлына беріледі.

МАМРАЕВ Б.Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасы осыған дейін айтылғандай, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмаларын орындау үшін әзірленген болатын. Ол заңнамалық актілерді «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексі жобасының жаңа редакциясына сәйкес келтіру мақсатында әзірленді.

21 заңнамалық актіге, оның ішінде 8 кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген.

Атап айтқанда, заң жобасында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске әкімшілік жауаптылыққа қатысты түзетулер енгізіліп отыр. Жаңа ғана ол туралы Зәуреш Жұманәліқызы айтты.

Баршамызға білгелі, бүгінде медицина қызметкерлерінің құқықтары бұзылған фактілер мен жағдайлар жиі кездеседі. Олар жұмыс кестесіне қарамастан, әрдайым барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін аямай, өз пациенттеріне көмекке келуге ұмтылады.

Сонымен қатар дәрігерлер мен мейірбикелерге шабуыл жасау және оларға қол көтеру жағдайлары әлі де жалғасуда, мұндай жағдайдан кейін олардың өздері де аурухана түсіп қалады. Мысалы, Алматы қаласының №7

қалалық клиникалық ауруханасында 50 жастағы санитар Гүлжан Ибрагимоваға жасалған шабуыл үлкен қоғамдық резонанс тудырды. Миокард инфарктімен емделіп жатқан пациентке келушілер, яғни туыстары реанимациядағы науқасқа өтпек болып, санитардың кеудесіне металл балдақпен ұрған, аға мейірбикені де аямаған.

Соққы алудың салдарынан екі әйел жарақат алды. Өкінішке орай, мұндай мысалдар көбеймесе, азаймай отыр.

Мұндай фактілерден кейін зардап шеккен медицина қызметкерлері өз кәсібін тастап кетсе, ешкім таң қалмайды, өткені денсаулық қымбат.

Сондықтан дәрігерлерді қорғаудың қосымша шараларын қабылдау қажеттілігі туындап отыр. Және мұндай шаралардың қаралып отырған заң жобасында көрініс тапқаны қуантады. 80-бапқа қосымша жаңа бап тармақша қосылды өткен жолы өзіміз қабылдаған «Педагог мәртебесі туралы» Заңның аналогиясы бойынша.

Мен оны жалпы қолдаймын, әсіресе жаңа бапқа назарларыңызды аударғым келеді. Алғаш рет қоғамдық тәртіпті және азаматтардың тыныштығын бұзатын, медицина және фармацевтика қызметкерлерінің заңды қызметіне кедергі келтіргені үшін бұзақылардың 5-тен 35 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшердегі әкімшілік жауаптылығы заңнамалық деңгейде белгіленеді.

Бұл норма арқылы заң бұзған азаматтардың жауапкершілігін тағы да күшейтуге болар еді. Бірақ медицина қызметкерлеріне қолдау көрсетудің бұл алғашқы қадамы.

Болашақта біздің дәрігерлер, мейірбикелер, санитарлар өз өмірі мен денсаулығына алаңдамай, өзінің сүйікті кәсібімен айналысып, білікті медициналық көмек көрсететіндігіне сенімдімін.

Осыған байланысты, құрметті әріптестер, сіздерді осы әлеуметтік маңызы бар заң жобасын бірінші оқылымда қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бейбіт Баймағамбетұлы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Құрметті әріптестер, талқылау барысында осы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде бір ғана ұсыныс түсті. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, онда ұсынысқа дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 102, «жақтағандар» – 102. Шешім қабылданды.



*Дүррә! Құжаттаманы қайталап отырып
Белгілі сектор меңгерушісі,
Мамат Н. Маматжанов.*